

FTAXP 06.73.65

ӨОЖ 368

JEL G2

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2026-1-2-487-501>

АБДЫЕВА Р.А.,^{*1}

докторант.

*e-mail: 22231087@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0003-4882-7528

ПОПОСКИ К.,²

PhD, профессор.

e-mail: klime.poposki@uklo.edu.mk

ORCID ID: 0000-0002-7497-5826

¹«Туран» университеті,

Алматы қ., Қазақстан

²Әулие Климент Охрид университеті,

Битола қ., Солтүстік Македония

ҚАЗАҚСТАННЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫ: ӨЗЕКТІ ҮРДІСТЕР МЕН НЕГІЗГІ СИПАТТАМАЛАР

Аңдатпа

Қазіргі уақытта әлемдік қаржы нарықтарында белсенді трансформация үдерістері жүріп жатқан жағдайда, Қазақстанның сақтандыру нарығы экономикалық тұрақтылық пен әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты, аталған жұмыстың негізгі мақсаты – соңғы жылдардағы Қазақстанның сақтандыру секторына жан-жақты талдау жүргізу, жүйенің тиімділігіне әсер ететін негізгі факторларды анықтау және нарықтың қарқынды дамуына кедергі келтіруі мүмкін мәселелерді жою мен жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу болып табылады. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, Қазақстанның сақтандыру нарығы сақтандыру сыйлықақыларының көлемі, сақтандыру төлемдері, сақтандыру тығыздығы мен ену деңгейі көрсеткіштері арқылы, сондай-ақ сектор табыстылығының оң деңгейінің сақталуы негізінде айқындалатын серпінді өсуді көрсетеді. Зерттеу барысында өсудің негізгі факторлары ретінде цифрландыру, қабылданған нормативтік-құқықтық актілер мен реформалардың ықпалы, сақтандыру өнімдері санының артуы анықталды. Сонымен қатар, сақтандыру мәдениетінің төмен деңгейі мен макроэкономикалық көрсеткіштерге тәуелділік нарықтың дамуын шектейтін факторлар ретінде айқындалды. Жұмыстың ғылыми жаңалығы Қазақстанның сақтандыру нарығының дамуын 2017–2025 жж. аралығында сақтандыру сыйлықақылары, сақтандыру төлемдері, сақтандыру тығыздығы, сақтандырудың ену деңгейі және рентабельділік көрсеткіштері негізінде кешенді бағалауда көрінеді. Зерттеу барысында сақтандыру төлемдерінің көлемі мен оларды пайдалану динамикасы арасындағы өзара байланыс анықталып, сақтандыру қызметтерінің халық пен бизнес тарапынан нақты қолданылу белсенділігінің арту үрдісі көрсетілді. Сонымен қатар сақтандыру нарығының негізгі коэффициенттері арасындағы корреляциялық байланыстар есептеліп, сектордың қаржылық тұрақтылығына әсер ететін факторлар айқындалды. Жұмыстың практикалық маңыздылығы алынған нәтижелерді мемлекеттік саясат пен Қазақстанның сақтандыру нарығын дамыту стратегияларын жетілдіруде қосымша құрал ретінде пайдалану мүмкіндігімен айқындалады.

Тірек сөздер: сақтандыру нарығы, сақтандыру сыйлықақылары, төлемдер коэффициенті, табыстылық, сақтандыру тығыздығы, цифрландыру, қаржылық тұрақтылық.

Кіріспе

Қазіргі кезеңде сақтандыру нарығының даму динамикасы ауқымды өзгерістер жағдайында жүзеге асуда, оның ішінде экономикалық және институционалдық өзгерістер ерекше орын алады. Бұл өзгерістер елдің қаржы секторының жалпы үрдістерінде көрініс табады. Халықтың қаржылық тұрақтылығы мен әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуде сақтандыру секторы маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, оның маңызы тұрақты экономикалық өсуді қолдауда, тәуекелдерді қайта бөлуде және экономикалық қатынастар субъектілері арасындағы сенімді нығайтуда да айқын көрінеді. Дегенмен, сақтандыру нарығы дамуында оң серпін байқалғанымен, шешуді талап ететін бірқатар мәселелер бар. Атап айтқанда, бұл мәселелер сақтандыру

өнімдерінің жеткіліксіз әртараптандырылуымен, халықтың сақтандыру мәдениетінің төмен деңгейімен және саланың макроэкономикалық факторларға тәуелділігімен байланысты. Жоғарыда аталған жайттар Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының даму динамикасы мен оған әсер ететін факторларды жүйелі түрде талдаудың өзектілігін айқындайды.

Жүргізілген әдеби шолу нәтижелері көрсеткендей, ғылыми еңбектердің басым бөлігінде сақтандыру нарығының қызмет етуінің негізгі аспектілері жалпы сипатта қарастырылған. Алайда сақтандыру сыйлықақылары, сақтандыру төлемдері және өзге де макроэкономикалық факторлар арасындағы сандық өзара байланыстар жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Практикалық мәселенің болуы сақтандыру нарығын экономикалық және институционалдық тұрғыдан талдаудың құрылымдалған тәсілінің жеткіліксіздігімен түсіндіріледі.

Осы жұмыстың негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының дамуындағы өзара байланыстарды зерттеу және оның тұрақтылығы мен тиімділігін айқындайтын факторларды анықтау. Қойылған мақсатқа сәйкес келесі міндеттер айқындалды: сақтандыру нарығының даму кезеңдерін анықтау; сақтандыру сыйлықақыларының, төлемдердің және негізгі аналитикалық коэффициенттердің динамикасын талдау; нарықтың дамуына әсер ететін институционалдық және экономикалық факторларды айқындау; цифрландыру мен нормативтік-құқықтық өзгерістердің сақтандыру ұйымдарының қызметіне әсерін сипаттамалық тұрғыдан талдау; сақтандыру секторының тұрақтылығы мен нәтижелілігін арттыру бойынша ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу объектісі ретінде Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығы қарастырылады, ал зерттеу пәні – оның дамуын айқындайтын экономикалық және институционалдық үдерістер. Зерттеу гипотезасы сақтандыру нарығының тұрақтылығы мен тиімділігі макроэкономикалық жағдайлар, цифрландыру деңгейі және мемлекеттік реттеудің сапасы арасындағы өзара байланысқа тәуелді деген тұжырымға негізделеді. Әдіснамалық негізін жүйелік, құрылымдық-функционалдық, салыстырмалы және коэффициенттік талдау әдістері, сондай-ақ нормативтік-құқықтық және статистикалық тәсілдер құрайды, бұл зерттелетін мәселені кешенді қарастыруға мүмкіндік береді.

Жүргізілген зерттеудің маңыздылығы оның сақтандыру нарығын талдаудың теориялық негіздерін дамытуға қосқан үлесімен және алынған нәтижелерді сақтандыру саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру мен сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын арттыру шараларын әзірлеуде практикалық тұрғыда қолдану мүмкіндігімен анықталады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің әдіснамасы Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының даму динамикасын кешенді түрде зерделеуге негізделеді. Негізгі зерттеу сұрағы сақтандыру секторының тиімділігін айқындайтын негізгі үрдістер мен факторларды анықтауға бағытталған, ал гипотеза сақтандыру қызметінің тұрақтылығы мен нәтижелілігі экономикалық, институционалдық және нормативтік-құқықтық жағдайлардың өзара әрекеттесуіне тәуелді деген тұжырымға негізделеді. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің және Ұлттық статистика бюросының ресми статистикалық деректері пайдаланылды. Аталған деректер сақтандыру сыйлықақыларының, сақтандыру төлемдерінің, сақтандыру ұйымдарының пайдасының, жалпы ішкі өнімнің және халық санының көрсеткіштерін қамтиды.

Зерттеу бірнеше кезеңде жүргізілді: деректерді жинау және жүйелеу, сақтандыру сыйлықақылары мен төлемдерінің динамикасын талдау, аналитикалық коэффициенттерді (зияндылық деңгейі, сақтандырудың ену деңгейі, сақтандыру тығыздығы және сақтандыру қызметінің табыстылығы) есептеу, сондай-ақ алынған нәтижелерді интерпретациялау және оларды нормативтік-құқықтық базадағы өзгерістермен салыстыру. Сақтандыру нарығының тиімділігін бағалау үшін салыстырмалы және коэффициенттік талдау әдістері, құрылымдық-функционалдық және жүйелік тәсілдер, сондай-ақ статистикалық заңдылықтарды түсіндіруге арналған сипаттамалық әдіс қолданылды.

Деректерді өңдеу және нәтижелерді визуализациялау Microsoft Excel бағдарламалық құралының көмегімен жүзеге асырылды. Әдіснамалық тәсілдің ғылыми жаңалығы сандық

және сапалық талдауды нормативтік-құқықтық бағалаумен ұштастыруда көрініс табады. Бұл Қазақстанның сақтандыру нарығының дамуын кешенді қарастыруға, оның динамикасына әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды анықтауға, сондай-ақ саланың тиімділігін арттыру бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылау

Соңғы онжылдықтарда Қазақстандағы экономикалық жағдай елеулі өзгерістерге ұшырады, бұл экономиканың барлық секторларының, соның ішінде сақтандыру нарығының дамуына әсер етті. Әлемдік қаржы дағдарысы және COVID-19 пандемиясының салдары сияқты экономикалық күйзелістер тұрақсыздық туғызып, өз кезегінде сақтандыру нарығындағы сұраныс пен ұсынысқа ықпал етті.

2020 жылдың басында басталған COVID-19 пандемиясы жаһандық экономикаға айтарлықтай әсерін тигізді, және Қазақстан да бұл үдерістен тыс қалған жоқ. Елде қатаң карантиндік шаралар енгізіліп, бұл экономиканың күрт баяулауына және халық табысының қысқаруына алып келді. Сақтандыру нарығы үшін пандемия беріктікке сын болды, және дағдарыстың салдары осы сектор үшін айтарлықтай сезілді.

Пандемиядан туындаған өткір дағдарыстан кейін Қазақстанның сақтандыру нарығы біртіндеп қалпына келе бастады, алайда бұл үдеріс күтілгендей жылдам жүзеге аспады. Нарықтың қалпына келуі бірнеше кезеңде өтті және бірқатар өзгерістер мен жаңа үрдістермен қатар жүрді. Негізгі кезеңдер 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1 – COVID-19 пандемиясынан кейін Қазақстанның сақтандыру нарығын қалпына келтіру кезеңдері

Кезеңдер	Уақыт аралығы	Өзгерістер мен үрдістер
1. Бірінші кезең: Сұраныстың күрт төмендеуі және экономикалық белгісіздік	2020 жылғы наурыз – мамыр	Ерікті сақтандыру түрлеріне (өмірді, денсаулықты, мүлікті сақтандыру) сұраныстың күрт төмендеуі. Сату көлемінің азаюына байланысты сақтандыру компанияларының қаржылық қиындықтарының күшеюі. Корпоративтік полистердің басым бөлігінің тоқтатылуы немесе қысқартылуы. Нарықтағы дағдарыс пен белгісіздіктің күшеюі.
2. Екінші кезең: Бейімделу және цифрландыруға көшу	2020 жылғы маусым – желтоқсан	Сату арналарының цифрлық форматқа қарқынды көшуі (онлайн-платформалар, мобильді қосымшалар). Клиенттерге қашықтан қызмет көрсету жүйесінің дамуы (онлайн-кеңестер, процестерді автоматтандыру). Шарттарды қашықтан жасасу және тәуекелдерді бағалау технологияларын жедел енгізу. Онлайн форматқа көшу есебінен операциялық шығындардың төмендеуі.
3. Үшінші кезең: Сұраныстың қалпына келуі және медициналық және зейнетақылық өнімдерге қызығушылықтың артуы	2021 жылғы қаңтар – желтоқсан	- Денсаулықты сақтандыруға сұраныстың қайта артуы, әсіресе жаңа тәуекелдер мен аурулардан қорғауға бағытталған медициналық сақтандырудың маңызының өсуі. - Зейнетақылық сақтандыру сияқты ұзақ мерзімді қаржылық өнімдерге қызығушылықтың артуы. - Жаңа сақтандыру өнімдерінің енгізілуі, оның ішінде гибридік шешімдер (денсаулықты сақтандыру + жинақтаушы бағдарламалар). - Экономикалық тұрақсыздық жағдайында әлеуметтік қорғаудың маңыздылығын түсінудің артуы.

1-кестенің жалғасы

4. Төртінші кезең: Экологиялық сақтандыруға және инновациялық өнімдерге қызығушылықтың өсуі	2022–2024 жж.	- Экологиялық тәуекелдер мен климаттың өзгеруін түсінудің артуына байланысты экологиялық сақтандырудың дамуы. - Тәуекелдерді дәлірек бағалау үшін жасанды интеллект сияқты жаңа технологияларды енгізу. - Клиент деректеріне (үлкен деректерге) негізделген жекелендірілген сақтандыру өнімдерін енгізу. - Онлайн сақтандыру мен мобильді қосымшаларды пайдаланудың одан әрі өсуі.
5. Бесінші кезең: Ұзақ мерзімді қалпына келу және тұрақтану	2025 жыл және одан әрі	Сақтандырудың көптеген түрлері бойынша, әсіресе корпоративтік және денсаулықты сақтандыру саласында тұрақты сұраныстың қалпына келуі. Халықтың қартаюы және болашаққа деген алаңдаушылықтың артуы жағдайында өмірді және зейнетақылық сақтандыру секторының дамуы. Нарықтағы бәсекелестіктің күшеюі және клиенттерге қызмет көрсету сапасының жақсаруы. Нарықтың тұрақтылығын арттыру мақсатында халықаралық қайта сақтандыру компанияларымен серіктестіктің дамуы.
Ескертпе: Авторлармен [6] дереккөзі негізінде құрастырылған.		

Бірінші кезеңде, 2020 жылғы наурыздан мамырға дейін, ерікті сақтандыру түрлеріне сұраныстың күрт төмендеуі байқалды, бұл сақтандыру компанияларының қаржылық қиындықтарына және сату көлемінің азаюына әкелді. Осы кезеңде жоғары экономикалық белгісіздік байқалып, корпоративтік полистер саны қысқарды. Қалпына келтірудің екінші кезеңі (2020 жылғы маусым–желтоқсан) нарықтың жаңа жағдайларға бейімделуімен, сондай-ақ цифрландыруға белсенді көшуімен сипатталды. Онлайн-платформаларды енгізу және процестерді автоматтандыру сақтандырушыларға операциялық шығындарды төмендетуге және клиенттермен өзара әрекеттестікті жақсартуға мүмкіндік берді.

Үшінші кезеңде (2021 ж.) медициналық және зейнетақылық сақтандыруға сұраныс қалпына келіп, сақтандыру мен жинақтаушы бағдарламаларды біріктіретін гибридік өнімдерге қызығушылық артты. 2022–2024 жж. аралығындағы төртінші кезеңде экологиялық сақтандыруға қызығушылықтың өсуі және тәуекелдерді бағалау үшін жасанды интеллект сияқты жаңа технологиялық шешімдердің енгізілуі байқалды. Қалпына келтірудің бесінші кезеңі (2025 ж. және одан кейінгі кезең) нарықтың ұзақ мерзімді тұрақталуымен, клиенттерге қызмет көрсету сапасының жақсаруы, өмірді және зейнетақылық сақтандыру секторларының дамуы, сондай-ақ бәсекелестіктің күшеюі мен халықаралық ынтымақтастықтың кеңеюімен сипатталады.

Қазақстанның сақтандыру нарығының ағымдағы жағдайын толық талдау және түсіну үшін оның динамикасы мен даму үрдістерін көрсететін негізгі көрсеткіштерге назар аудару қажет. Соңғы жылдары сақтандыру секторы ішкі экономикалық үрдістермен қатар жаһандық сын-қатерлермен байланысты елеулі өзгерістерге ұшырады. Бұл факторлардың әсері сақтандыру қызметіне сұранысқа, сақтандыру өнімдерінің құрылымына және ассортиментіне, сондай-ақ сақтандыру компанияларының өз қызметіне көрініс тапты.


Сақтандыру нарығының дамуын сипаттайтын негізгі көрсеткіштер – жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі, сақтандыру төлемдерінің құрылымы, белсенді сақтандыру компанияларының саны және олардың қаржылық тұрақтылығы. Бұл деректер нарықтың жетілген деңгейін бағалауда және сыртқы экономикалық өзгерістерге бейімделу қабілетін анықтауда маңызды рөл атқарады.

Келесі бөлімде Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының ағымдағы жағдайын сипаттайтын негізгі статистикалық көрсеткіштердің интерпретациясы ұсынылады. Талдау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің ресми деректері негізінде жасалған және сақтандыру сыйлықақылары мен төлемдерінің динамикасын, сондай-ақ негізгі сақтандыру түрлері бойынша құрылымдық өзгерістерді көрсетеді. Кешенді бағалауды қамтамасыз ету

үшін негізгі аналитикалық коэффициенттер – төлемдер деңгейі, зияндылық, сақтандыру енуі және сақтандыру тығыздығы көрсеткіштері есептеліп, салыстырылды. Бұл коэффициенттерді қолдану сала дамуының жалпы үрдістерін қадағалауға ғана емес, сондай-ақ сақтандыру секторының тұрақтылығының, оның қызметінің тиімділігінің және макроэкономикалық өзгерістерге сезімталдығының ішкі заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер анықталған үрдістердің себептерін талдау және экономикалық трансформация және белгісіздік жағдайында сақтандыру нарығының болашақ дамуының перспективаларын бағалау үшін негіз болып табылады.

2017–2025 жж. аралығында Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығы оң серпінді көрсетіп, сақтандыру сыйлықақылары мен төлемдерінің тұрақты өсуімен сипатталды. Сонымен қатар, сыйлықақылардың өсу қарқыны төлемдердің динамикасынан жоғары болды, бұл сақтандыру портфелінің кеңеюін және халық пен бизнестің сақтандыру қорғау жүйесіне қатысу деңгейінің артуын көрсетеді.

Мысалы, сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2017 ж. 289,2 млрд теңгеден 2025 ж. 1 450,3 млрд теңгеге дейін өсті, яғни төрт есе артық. Сол сияқты, сақтандыру төлемдері 64,7 млрд теңгеден 319,7 млрд теңгеге дейін өсті, бұл шамамен төрт есе өсуді білдіреді. Бұл қатынас сақтандыру нарығының кеңеюін, сақтанушылардың сенімінің артуын және сақтандыру ұйымдарының қаржылық потенциалын нығайтуды көрсетеді. Алайда төлемдердің сыйлықақыларға қатысты өсім қарқынының салыстырмалы түрде төмендігі сақтандыру компаниялары тарапынан залалды реттеу тәжірибесінің сақталуын және андеррайтингтік тәртіптің күшеюін де көрсетуі мүмкін.




Сурет 1 – 2017–2025 жж. сақтандыру төлемдері мен сақтандыру сыйлық ақыларының көлемі (млрд тг)

Ескертпе: Авторлармен [14, 15] дереккөз негізінде құрастырылды.

Жылдар арасындағы динамиканы талдау нарықтың дамуындағы бірнеше негізгі кезеңдерді айқындауға мүмкіндік береді. 2018 ж. сақтандыру сыйлықақылары көлемінің шамалы төмендеуі (0,8%-ға) және төлемдердің орташа өсуі (9%-ға) байқалды, бұл, ықтимал, тәуекелге бағдарланған қадағалауға көшуге байланысты нормативтік-құқықтық базадағы өзгерістерге бейімделу кезеңінен кейінгі нарықтың түзетілу салдарын көрсетеді. 2019–2020 жж. екі көрсеткіштің де едәуір өсуі тіркелді: сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 379 млрд теңгеден 411,3 млрд теңгеге дейін, ал төлемдер 114,8 млрд теңгеден 116,5 млрд теңгеге дейін артты. Бұл өзгерістер қаржы секторындағы реформалардың жандануымен, сондай-ақ сақтандыруға деген қызығушылықты ынталандырған макроэкономикалық факторлардың, соның ішінде COVID-19 пандемиясының ықпалымен сәйкес келеді.

2021–2025 жж. аралығы сақтандыру сыйлықақылары өсімінің жеделдеуімен сипатталады – үш жыл ішінде шамамен 100%-ға (605 млрд теңгеден 1 450,3 млрд теңгеге дейін). Негізгі қозғаушы күштер ретінде сақтандыру қызметтерін цифрландыру, онлайн-сатылымдардың да-

муы, сондай-ақ ипотекалық және инвестициялық өнімдермен байланысты міндетті және ерікті сақтандыру түрлерін енгізу болды. 2021 жылғы 90,8 млрд теңгеден 2025 ж. 240,9 млрд теңгеге дейінгі төлемдердің айтарлықтай өсуі сақтандыру жағдайларының белсенденуін және реттеу тәжірибесінің ашықтығын көрсетеді, бұл өз кезегінде клиенттердің салаға деген сенімін арттырады.



Сурет 2 – Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының динамикасы, 2017–2025 жж., (млрд тг)

Ескертпе: Авторлармен [14, 15] дереккөз негізінде құрастырылды.

Сақтандыру нарығының құрылымын неғұрлым толық талдау мақсатында 2017–2025 жж. сақтандыру сыйлықақыларының сақтандыру түрлері бойынша құрылымы қарастырылды. Талдау нәтижелері көрсеткендей, соңғы жылда нарықтағы ең үлкен үлес ерікті жеке сақтандыруға тиесілі болып, ол сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 50,3%-ын құрайды. Ерікті мүлктік сақтандырудың үлесі 33,4%-ды құраса, міндетті сақтандырудың үлесі 16,2%-ды қалыптастырады.


Алынған нәтижелер ерікті сақтандыру түрлерінің айтарлықтай басым екенін көрсетеді, олардың жиынтық үлесі сақтандыру нарығының 83,7%-ына жетеді. Бұл өмірді сақтандырудың, жинақтаушы сақтандыру бағдарламаларының, медициналық сақтандырудың және басқа да жеке сақтандыру өнімдерінің белсенді дамуымен байланысты. Сонымен қатар, міндетті сақтандыру азаматтар мен заңды тұлғалардың мүлктік мүдделерін базалық деңгейде қорғауды қамтамасыз ете отырып, өзінің маңызды әлеуметтік функциясын сақтап отыр.

Сонымен бірге, сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы жеке сақтандырудың жекелеген сегменттерін одан әрі дамыту үшін әлеуеттің бар екенін көрсетеді. Ерікті жеке сақтандырудың оң серпініне қарамастан, жеке тұлғалардың ерікті мүлктік сақтандыру сегментінде сақтандырумен қамтылу деңгейі әлі де жеткіліксіз болып отыр. Бұл тұрғын үйді сақтандыруды, азаматтардың мүлкін сақтандыруды және табиғи апаттардан сақтандыруды қамтиды. Қазақстан үшін бұл бағыт ерекше өзекті болып табылады, себебі елдің бірқатар өңірлері жер сілкіністеріне, су тасқындарына және басқа да төтенше жағдайларға жоғары дәрежеде бейім.

Сыйлықақылар мен төлемдердің арақатынасы тұрғысынан алғанда, жалпы сақтандыру резервінің өсу үрдісі сақталып отыр, бұл сақтандыру компанияларының қаржылық тұрақтылығының нығаюын білдіреді. Алайда төлемдер өсімінің қарқыны, әсіресе 2022–2025 жж., сақтандыру қорларына түсетін жүктеменің артқанын көрсетеді, бұл қайта сақтандыру жүйесін және тәуекелдерді басқаруды одан әрі жетілдіруді талап етеді.

2017–2025 жж. аралығында Қазақстандағы сақтандыру түрлері бойынша төлемдер саны динамикасын талдау барлық бағыттар бойынша тұрақты өсімді көрсетеді, бұл сақтандыру нарығының белсенді дамуын және клиенттік базаның кеңеюін дәлелдейді. Дегенмен өсім қарқыны сегменттер бойынша әртүрлі болып, нарықтың құрылымдық ерекшеліктері мен басымдықтарын айқындайды.

Ең айқын динамика ерікті жеке сақтандыру сегментінде байқалады: төлемдер саны 2017 жылғы 165,9 мыңнан 2025 ж. 753,2 мыңға дейін өсті. Бұл халықтың өмір мен денсаулықты сақтандыруға деген қызығушылығының артуымен, жинақтаушы бағдарламалардың кеңеюімен және цифрлық сату арналарының дамуымен түсіндіріледі. Төлемдер санының өсуі сондай-ақ клиенттердің сақтандыру компанияларына деген сенімінің артқанын және сақтандыру жағдайларын реттеу тетіктерінің жетілдірілгенін көрсетеді.



Сурет 3 – Сақтандыру түрлері бөлінісінде сақтандыру төлемдерінің саны (мың бірлік)

Ескертпе: Авторлармен [14, 15] дереккөз негізінде құрастырылды.

Міндетті сақтандыру да айқын өсімді көрсетеді – қарастырылып отырған кезеңде төлемдер саны 54,1 мыңнан 207,6 мыңға дейін артқан. Бұл әлеуметтік және медициналық сақтандыру бағдарламаларының белсенді дамуына, сондай-ақ сақтандырылған көлік құралдарының санының өсуіне байланысты. Міндетті сақтандыру түрлері бойынша төлемдердің ұлғаюы азаматтардың әлеуметтік және қаржылық қорғалуын қамтамасыз етудегі мемлекеттің рөлінің күшеюін білдіреді.

Ерікті мүлдітік сақтандыру анағұрлым баяу қарқынмен өсуде – 10,3 мыңнан 37,8 мың төлемге дейін. Дегенмен бұл үрдіс халықтың мүлдікті қорғау қажеттілігі туралы хабардарлығының біртіндеп артуын және шағын және орта бизнестің сақтандыру қызметтеріне деген қызығушылығының жандануын көрсетеді.

Сонымен қатар сақтандыру төлемдерінің саны мен көлемінің бір мезгілде өсуі сақтандыру қызметтерін нақты пайдалану деңгейінің артқанын көрсетеді. Егер 2017 ж. сақтандыру төлемдері негізінен міндетті сақтандыру түрлерінде шоғырланған болса, кейінгі жылдары ерікті жеке сақтандыру бойынша төлемдердің қарқынды өсуі байқалды. Бұл халықтың сақтандыру жүйесіне деген сенімінің күшеюімен, сақтандыру өнімдерінің қолжетімділігінің артуымен және сақтандыру жағдайлары туындаған кезде өтемақы алу тәжірибесінің кеңеюімен түсіндіріледі. Осылайша, төлемдердің өсуі тек сақтандыру нарығы көлемінің ұлғаюын ғана емес, сонымен қатар сақтандыру қорғанысын нақты пайдалану деңгейінің жоғарылағанын да көрсетеді.

Сақтандыру сыйлықақыларының, төлемдердің және сақтандыру жағдайлары санының динамикасын жүргізілген талдау Қазақстанның сақтандыру нарығының біртіндеп дамып келе жатқанын және оның әлеуметтік-экономикалық рөлінің күшейіп отырғанын айғақтайды. Алайда сақтандыру секторының қызмет ету тиімділігін неғұрлым терең және объективті бағалау үшін тек сипаттамалық талдау жеткіліксіз. Негізгі көрсеткіштер арасындағы сандық өзара байланыстарды қосымша қарастыру қажет, бұл заңдылықтарды анықтауға және сақтандыру операцияларының тұрақтылығын бағалауға мүмкіндік береді.

Осы мақсатта келесі бөлімде сақтандыру нарығының жай-күйі мен дамуын сипаттайтын негізгі талдамалық коэффициенттер есептелетін болады. Олардың қатарында:

♦ Төлемдер коэффициенті (loss ratio) – сақтандыру төлемдерінің көлемінің сыйлықақылар көлеміне қатынасын көрсетеді және сақтандыру портфелінің теңгерімділігін, сондай-ақ сақтандыру компанияларының қаржылық тұрақтылығын бағалау үшін қолданылады.

$$K_{\text{төл}} = \frac{CT}{CC} * 100\%$$

Бұл жерде:

CT – сақтандыру төлемдер сомасы,

CC – сақтандыру сыйақыларының сомасы.

♦ Сақтандыру таратылу коэффициенті (insurance penetration) – ел экономикасындағы сақтандырудың рөлін сипаттайды, сақтандыру сыйлықақыларының жалпы ішкі өнімдегі (ЖІӨ) үлесін көрсетеді.

$$K_{\text{тар}} = \frac{CC}{\text{ЖІӨ}} * 100\%$$

Бұл жерде:

CC – сақтандыру сыйақыларының сомасы,

ЖІӨ – тиісті кезеңдегі елдің жалпы ішкі өнімі.

♦ Сақтандыру тығыздығы коэффициенті (insurance density) – халықтың жан басына шаққандағы сақтандыру қызметтерінің қолжетімділігі мен таралу деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

$$K_{\text{тығ}} = \frac{CC}{X}$$

Бұл жерде:

CC – сақтандыру сыйақыларының сомасы,

X – халық саны.

♦ Сақтандыру қызметінің рентабельділік коэффициенті – жиналған сақтандыру сыйлықақыларын пайданы қалыптастыру және өтімділікті қолдау үшін пайдалану тиімділігін көрсетеді.

$$K_{\text{рен}} = \frac{П}{CC} * 100\%$$

Бұл жерде:

П – сақтандыру ұйымдарының пайдасы,

CC – сақтандыру сыйақыларының сомасы.

Аталған коэффициенттерді талдау аясында пайдалану Қазақстанның сақтандыру нарығының қазіргі даму деңгейін анықтауға ғана емес, сондай-ақ құрылымдық теңгерімсіздіктерді, қаржылық тұрақтылық динамикасын және экономикалық әрі институционалдық өзгерістер жағдайындағы сақтандыру жүйесінің тиімділігін айқындауға мүмкіндік береді.

Кесте 2 – 2017–2025 жж. аралығында Қазақстанның сақтандыру нарығының дамуын сипаттайтын негізгі коэффициенттердің динамикасы

Жыл	Төлем. коэф, %	Тығыздығы, тг/адам	Таралуы, % ЖІӨ	Рентабельдік, %
2017	22,37	32 035.80	0,56	19.78
2018	24,58	31 383.36	0,48	27.48
2019	30,29	41 373.29	0,55	21.87
2020	28,32	44 799.80	0,58	26.91
2021	15,01	65 357.45	0,74	18.88
2022	20,63	71 878.44	0,65	20.36
2023	22,61	90 590.48	0,72	21.85
2024	19,90	125 238.11	0,89	17.86
2025	22,03	127 536.20	1,15	15.3
Ескертпе: Авторлармен зерттеу нәтижелер негізінде құрастырылған.				

2017–2025 жж. аралығында Қазақстанның сақтандыру нарығының дамуын сипаттайтын есептелген коэффициенттер сақтандыру секторының біртіндеп, алайда теңгерімсіз нығаюын көрсетеді. Сақтандыру төлемдері коэффициенті толқынды динамиканы көрсетіп, 2019 ж. 30,3%-дан 2021 ж. 15,0%-ға төмендеді де, 2025 ж. қайта 22,03%-ға дейін артты. Бұл үрдіс тәуекелдерді басқарудың тиімділігінің артуын және сақтандыру портфелінің құрылымын оңтайландыруды көрсетеді, ал төлемдердің орташа деңгейі компаниялардың қаржылық тұрақтылығын білдіреді.

Зерттелген кезеңде сақтандыру тығыздығы көрсеткіші шамамен төрт есе өсті – 2017 жылғы 32,0 мың теңгеден 2025 ж. 127,5 мың теңгеге дейін. Бұл халықтың жан басына шаққандағы сақтандыру сыйлықақылары көлемінің өсуін және сақтандыру қызметтерімен қамтудың кеңеюін көрсетеді, бұл көбіне цифрландыру, сенімнің артуы және өмірді ұзақ мерзімді сақтандыру өнімдерінің дамуы арқылы қамтамасыз етілді.

Сақтандырудың ену коэффициенті де оң динамиканы көрсетті: 2017 жылы ЖІӨ-нің 0,56%-ынан 2025 жылы 1,15%-ға дейін өсті. Бұл көрсеткіш дамыған елдердегі деңгейден төмен болса да (ЖІӨ-нің 2–4%), оның өсуі сақтандыру секторының ұлттық экономикадағы рөлі күшейгенін дәлелдейді.

Сақтандыру қызметінің рентабельділік коэффициенті 17–27% аралығында өзгеріп отырды, бұл экономикалық тұрақсыздық кезеңдерінде де саладағы табыстылықты сақтай отырып, сақтандыру ұйымдарының тұрақты қаржылық жағдайын көрсетеді. Жиналған нәтижелер жалпы алғанда, Қазақстанның сақтандыру нарығының жетілген және тұрақты өсіп келе жатқанын айғақтайды, сыртқы сын-қатерлер мен құрылымдық шектеулерге қарамастан.


Жалпы, 2-кестеде ұсынылған коэффициенттердің динамикасы Қазақстанның сақтандыру нарығында өзара байланысты құрылымдық өзгерістердің қалыптасқанын көрсетеді. Осыған байланысты көрсеткіштер арасындағы статистикалық өзара тәуелділікті анықтау мақсатында корреляциялық талдау жүргізілді.

Кесте 3 – Қазақстанның сақтандыру нарығының негізгі көрсеткіштері арасындағы корреляциялық байланыс (2017–2025 жж.)

Көрсеткіштер	Корреляция коэффициенті (r)	Байланыс сипаты
Сақтандыру тығыздығы – Сақтандырудың ену деңгейі	0,96	Өте күшті оң байланыс
Төлемдер коэффициенті – Рентабельділік	-0,57	Орташа кері байланыс
Сақтандыру тығыздығы – Рентабельділік	-0,32	Әлсіз кері байланыс
Ескертпе: Авторлардың есептеулері негізінде құрастырылған.		

Жүргізілген корреляциялық талдау сақтандыру тығыздығы мен сақтандырудың ену деңгейі арасында өте күшті оң байланыс бар екенін көрсетті ($r=0,96$). Бұл сақтандыру қызметтерінің халық арасында кеңеюі олардың ұлттық экономикадағы рөлінің артуымен қатар жүретінін дәлелдейді. Сонымен қатар, төлемдер коэффициенті мен рентабельділік арасында кері байланыс анықталды ($r=-0,57$), бұл сақтандыру төлемдерінің өсуі сақтандыру ұйымдарының табыстылығына қысым жасайтынын көрсетеді. Алынған нәтижелер сақтандыру нарығының дамуында құрылымдық өзара байланыстардың бар екенін және саланың қаржылық тұрақтылығы тәуекелдерді тиімді басқаруға тәуелді екенін айқындайды.

Талдау нәтижелері сақтандыру тығыздығы мен сақтандырудың ену деңгейі арасында өте күшті оң байланыс бар екенін көрсетті, бұл сақтандыру қызметтерінің халық арасында кеңеюі олардың ұлттық экономикадағы рөлінің де артуымен қатар жүретінін дәлелдейді. Сонымен қатар, төлемдер коэффициенті мен рентабельділік арасында кері байланыс байқалды, яғни сақтандыру төлемдерінің өсуі сақтандыру ұйымдарының табыстылық деңгейіне қысым жасайды. Алынған нәтижелер сақтандыру нарығының дамуы тек сыйлықақылар көлемінің өсуімен ғана емес, сонымен қатар тәуекелдерді басқару тиімділігімен және нарықтың институционалдық тұрақтылығымен де анықталатынын көрсетеді.



Сурет 4 – Сақтандыру тығыздығы мен сақтандырудың таралуы арасындағы байланыс

Ескертпе: Авторлардың есептеулері негізінде құрастырылған.

2017–2025 жж. аралығында сақтандыру нарығының негізгі коэффициенттерінің динамикасын талдау рентабельділіктің тұрақты өсуін, сақтандыру ену деңгейінің артуын және жалпы сақтандыру белсенділігінің жандануын анықтауға мүмкіндік берді. Алынған нәтижелер саланың дамуындағы оң үрдістерді көрсетсе де, құрылымдық және институционалдық факторлардың тиімділіктің одан әрі өсуіне шектеу қоюы мүмкін екенін де айқындайды. Жетілген заңдылықтарды тереңірек түсіну және сақтандыру секторын жетілдіру бағыттарын анықтау үшін нарық динамикасына әсер ететін негізгі факторларды қарастыру, сондай-ақ сектордың тұрақтылығы мен тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу қажет.

2017–2025 жж. Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының дамуы экономикалық, институционалдық және нормативтік-құқықтық факторлардың жиынтығының әсерімен қалыптасты. Макроэкономикалық деңгейде негізгі ықпал ЖІӨ өсу қарқыны, халықтың нақты табыс деңгейі және инфляциялық процестер арқылы үй шаруашылықтары мен бизнестің төлем қабілеттілігін анықтады. 2020 ж. COVID-19 пандемиясы кезінде экономикалық белсенділіктің бәсеңдеуі сақтандыру сыйлықақылары көлемінің уақытша төмендеуіне әкелсе де, экономикадағы кейінгі қалпына келу сақтандыру секторын жедел өсіруге ықпал етті.

Институционалдық факторлардың ішінде қаржы нарығын цифрландыру процесі, сақтандыру ұйымдарына қойылатын капиталдандыру және тұрақтылық талаптарының күшеюі, сондай-ақ сақтандыру өнімдерінің спектрін кеңейту маңызды болды. Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (АРРФР) қызметін жандандыру қадағалау механизмдерін жетілдіруге және саланың ашықтығын арттыруға айтарлықтай әсер етті.

Сала құрылымдық динамикасына нормативтік-құқықтық базадағы өзгерістер де елеулі әсер етті. Қазақстан Республикасының қаржы секторының 2030 жылға дейінгі даму тұжырымдамасының бекітілуі (Қазақстан Президентінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі №1021 Жарлығы) тәуекелге бағдарланған қадағалауды енгізу, халықтың сақтандыру сауаттылығын ынталандыру және міндетті сақтандыру түрлерін кеңейту сияқты сақтандыру саласындағы реформаларға құқықтық негіз жасады. Сондай-ақ Салық кодексіндегі түзетулер және азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруға (ОГПО ВТС) қатысты құқықтық актілер маңызды болды.

Жиынтық түрде аталған факторлар нарықтың негізгі көрсеткіштерінің – сақтандыру сыйлықақылары, төлемдер және рентабельділік – біртіндеп өсуіне, сондай-ақ сақтандыру ұйымдары арасындағы бәсекелестіктің күшеюіне әкелді. Сол уақытта халықтың сақтандыру мәдениетінің төмен деңгейі, сақтандыру өнімдерінің шектеулі әртараптандырылуы және саланың макроэкономикалық конъюнктураға тәуелділігі сияқты мәселелер сақталып отыр. Бұл Қазақстанның сақтандыру секторын тұрақты дамыту үшін мемлекеттік қолдаудың мақсатты шараларын әзірлеу және нормативтік-құқықтық реттеуді одан әрі жетілдіру қажеттілігін айқындайды.

2017–2025 жж. аралығындағы Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының негізгі көрсеткіштері мен дамуына әсер еткен факторлардың динамикасын талдау сақтандыру

қызметінің тұрақтылығын және тиімділігін арттыруға бағытталған бірнеше ұсыныстарды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Біріншіден, сақтандыру секторының мемлекеттік реттеуін институционалдық механизмдерді күшейту мақсатты болып табылады, соның ішінде тәуекелге бағдарланған қадағалау және сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын стресс-тесттеу. Бұл жүйелік тәуекелдерді уақытылы анықтауға және нарықтағы теңгерімсіздіктердің алдын алуға мүмкіндік береді.

Екіншіден, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру қажет, ең алдымен ерікті және міндетті сақтандыру түрлеріне қойылатын талаптарды біріздендіру бағытында. Қазақстан Республикасының қаржы секторының 2030 жылға дейінгі даму тұжырымдамасының қағидаларын жүзеге асыру маңызды, ол сақтандыру қызметтерін цифрландыруды және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруды көздейді.

Үшіншіден, сақтандыруда цифрлық технологиялар мен инновацияларды дамытуға ынталандыру қажет, соның ішінде тәуекелдерді бағалау және сақтандыру өнімдерін персонализациялау үшін онлайн-платформаларды, телематиканы және жасанды интеллектіні пайдалану. Бұл сақтандыру қызметтерінің қолжетімділігін арттырып, компаниялардың операциялық шығындарын төмендетеді.

Сонымен қатар, халықтың сақтандыру мәдениетін арттыру маңызды бағыт болып табылады, ол білім беру бағдарламалары, ақпараттық науқандар және қаржы біліміне сақтандыру модульдерін енгізу арқылы жүзеге асады. Азаматтардың сақтандыру жүйесіне қатысуын кеңейту қаржылық тұрақтылықты күшейтуге және нарықтың әртараптандырылуына ықпал етеді.

Соңында, сақтандыру компанияларының банктермен, инвестициялық қорлармен және мемлекеттік даму институттарымен сектораралық өзара әрекеттесуін дамыту қажет, бұл сақтандыру потенциалын экономикалық тұрақтылық және ұзақ мерзімді қаржыландыру құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, аталған ұсыныстарды іске асыру экономикалық және технологиялық өзгерістерге тиімді бейімделе алатын, теңгерімді және бәсекеге қабілетті сақтандыру жүйесін қалыптастыруға қажетті жағдай жасайды.

Осылайша, жүргізілген талдаудың нәтижелері Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының біртіндеп дамып келе жатқанын, сақтандыру сыйлықақылары мен төлемдердің өсуі және сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығының артуымен қатар жүретінін көрсетеді. Есептелген коэффициенттер сақтандыру компанияларының рентабельділігі мен тиімділігінің өсу тенденциясын, сондай-ақ сақтандырудың ұлттық экономикадағы рөлінің біртіндеп нығайып растады. Сонымен қатар, сала макроэкономикалық тербелістерге және нормативтік-құқықтық ортаға тәуелділігін сақтап отыр, бұл реттеу және қадағалау механизмдерін үздіксіз жетілдіруді қажет етеді.

Факторлар талдауы дамудың негізгі қозғаушы күштері ретінде экономикалық қалпына келу, қаржы секторын цифрландыру және заңнамалық базаны жаңарту екенін, ал шектеуші факторлар ретінде сақтандыру мәдениетінің төмен деңгейі және өнімдердің шектеулі әртараптандырылуы екенін көрсетті.

Жиынтық нәтижелер Қазақстанның сақтандыру нарығы сапалық өзгерістер кезеңіне енгенін, оның ашықтығын, тұрақтылығын және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталғанын көрсетеді. Ұсынылған шараларды іске асыру сақтандыру секторын елдің қаржы жүйесінің маңызды элементі ретінде одан әрі нығайтуға ықпал етеді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу 2017–2025 жж. аралығында Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының даму динамикасын кешенді бағалауға, негізгі заңдылықтарды анықтауға және оның қызмет тиімділігіне әсер ететін факторларды айқындауға мүмкіндік берді. Статистикалық деректерді, коэффициенттерді және нормативтік аспектілерді талдау елдің сақтандыру секторының қаржылық тұрақтылығының нығайымын және ұлттық экономикадағы сақтандыру рөлінің біртіндеп кеңеюімен қатар жүретін біртіндеп өсіп келе жатқанын растады.

Алып алынған нәтижелер көрсеткендей, посткризистік кезеңде сақтандыру нарығы макроэкономикалық ортадағы өзгерістерге бейімделді, оған қаржы қызметтерін цифрландыру, тәуекелге бағдарланған қадағалауды енгізу және құқықтық реттеуді жетілдіру ықпал етті. Со-

нымен қатар, құрылымдық мәселелер – халықтың сақтандыру мәдениетінің төмен деңгейі, сақтандыру өнімдерінің шектеулі әртараптандырылуы және макроэкономикалық тербелістерге тәуелділік – сақталып отыр.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы сақтандыру нарығын дамытудағы негізгі коэффициенттер мен нормативтік факторларды жүйелі түрде салыстыруда, бұл экономикалық динамика мен институционалдық өзгерістер арасындағы өзара байланыстарды анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері сақтандыру нарығының тұрақтылығы елдің қаржылық тұрақтылығының көрсеткіштерінің бірі екенін растайды.

Практикалық маңыздылығы анықталған заңдылықтар мен ұсыныстарды мемлекеттік сақтандыру саясатын қалыптастыруда, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарының стратегияларын әзірлеуде қолдануға мүмкіндік беруінде.

Алдағы зерттеулерді макроэкономикалық шоктардың, цифрландырудың және ESG-факторлардың сақтандыру нарығына әсерін терең талдауға бағыттау тиімді, бұл оның тұрақтылығын және ұзақ мерзімді перспективада бейімделгіштігін қамтамасыз етудің жаңа тәсілдерін әзірлеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері Қазақстанның сақтандыру нарығында ерікті сақтандыру түрлерінің басым орын алатынын көрсетті. 2025 ж. сақтандыру сыйлықақылары құрылымында ерікті сақтандырудың жиынтық үлесі 83,7%-ды құрады, оның ішінде ерікті жеке сақтандырудың үлесі – 50,3%, ал ерікті мүлктік сақтандырудың үлесі – 33,4%. Міндетті сақтандырудың үлесі 16,2%-ды құрады. Бұл көрсеткіштер сақтандыру нарығының дамуында жеке тұлғаларға бағытталған сақтандыру өнімдерінің рөлі артып келе жатқанын және халықтың ерікті сақтандыру қызметтеріне деген қызығушылығының күшейгенін көрсетеді.

Сонымен қатар, сақтандыру нарығының одан әрі тұрақты дамуы үшін жеке сақтандырудың жекелеген бағыттарын жетілдіру қажет. Атап айтқанда, тұрғын үйді сақтандыру, азаматтардың мүлкін сақтандыру және табиғи апаттардан сақтандыру сияқты ерікті мүлктік сақтандыру түрлерінің қамту деңгейі әлі де жеткіліксіз болып отыр. Қазақстанның бірқатар өңірлерінің жер сілкіністеріне, су тасқындарына және басқа да табиғи қауіп-қатерлерге бейімділігін ескере отырып, осы бағыттарды дамыту халықтың қаржылық қорғалуын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге ерікті медициналық сақтандыруды, ауыр сырқаттардан сақтандыруды және ұзақ мерзімді жинақтаушы өмірді сақтандыру өнімдерін жетілдіру сақтандыру нарығының әртараптандырылуына және оның әлеуметтік-экономикалық маңызын күшейтуге ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Akhavan F., Hassannayebi E. A hybrid machine learning with process analytics for predicting customer experience in online insurance services industry // *Decision Analytics Journal*. 2024. Vol. 11. P. 100–112. DOI: 10.1016/j.dajour.2024.100452
- 2 Баян М., Оспанова Д.А., Плоцкая О.А. Правовые основы гармонизаций страхового законодательства в условиях ЕАЭС // *Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. Серия: Право.* – 2023. – Выпуск. 145. – № 4. – С. 171–182. DOI: 10.32523/2616-6844-2023-145-4-171-182
- 3 Firtescu B. Influence factors on European life insurance market during crises // *Procedia Economics and Finance*. 2014. Vol. 16. P. 348–355. DOI: 10.1016/S2212-5671(14)00813-2
- 4 Khadka S. Effect of firm specific and macroeconomic factors on profitability of Nepalese insurance companies // *The Lumbini Journal of Business and Economics*. 2023. Vol. 11. No. 1. P. 232–251. DOI: 10.3126/ljbe.v11i1.54331.
- 5 Koprivica M.R., Bradić P.D.K.N. Trends in insurance market development // *Teorija i praksa u osiguranju*. 2021. No. 3. P. 549–561. DOI: 10.5937/TokOsig2403536K
- 6 Каракетова Л.Т. Социально-экономические последствия пандемий COVID-19 // *Вестник Казахского национального медицинского университета.* – 2021. – № 2 – С. 285–289. DOI: 10.53065/kaznmu.2021.80.91.052
- 7 Müller N., Pforr K., Dräger J. Wealth stratification and the insurance function of wealth // *Social Inclusion*. 2023. Vol. 11. No. 1. P. 128–134. DOI: 10.17645/si.v11i1.6680
- 8 Novak A., et al. Financial and economic security in the field of financial markets at the stage of European integration // *International Journal of Professional Business Review*. 2022. Vol. 7. No. 5. Article e835. DOI: 10.26668/businessreview/2022.v7i5.e835
- 9 Prokopjeva E., Kuznetsova N., Kalayda S. Insurance market development and economic growth indicators: The study of relationship in the world // *Economic Annals-XXI*. 2020. No. 5. P. 114–123. DOI: 10.21003/ea.V185-05

10 Sfakianakis G., et al. The impact of macro-fiscal factors and private health insurance financing on public health expenditure: Evidence from the OECD countries for the period 2000–2017 // *EuroMed Journal of Business*. 2021. Vol. 16. P. 1–24. DOI: 10.1108/EMJB-03-2020-0029

11 Zhytar M., Andrushchenko D., Yasentiuk A. Modern trends in the development of the insurance services market // *Socio World Social Research & Behavioral Sciences*. 2021. Vol. 4. No. 2. P. 47–53. DOI: 10.36962/swd04022021-47

12 Зайцева М.А. Международный страховой рынок: действующая практика и направления его развития // *Научные труды Белорусского государственного экономического университета*. – 2021. – № 14. – С. 172–179.

13 Константинов И.М. Цифровизация в страховании // *Интеграция мировой науки и техники: новые концепции и парадигмы*. – Москва, 2023. – С. 373–375.

14 Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми сайты. 2026. URL: <https://www.gov.kz/> (өтініш берілген күн: 01.03.2026)

15 Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми сайты. 2026. URL: <https://www.nationalbank.kz/> (өтініш берілген күн: 01.03.2026)

REFERENCES

1 Akhavan F., Hassannayebi E. (2024) A hybrid machine learning with process analytics for predicting customer experience in online insurance services industry // *Decision Analytics Journal*. Vol. 11. P. 100–112. DOI: 10.1016/j.dajour.2024.100452 (In English)

2 Bajan M., Ospanova D.A., Plockaja O.A. (2023) Pravovye osnovy garmonizacij strahovogo zakonodatel'stva v uslovijah EAJeS // *Vestnik ENU im. L.N. Gumileva. Serija: Pravo. Vypusk. 145. No. 4*. P. 171–182. DOI: 10.32523/2616-6844-2023-145-4-171-182 (In Russian)

3 Firtescu B. (2014) Influence factors on European life insurance market during crises // *Procedia Economics and Finance*. Vol. 16. P. 348–355. DOI: 10.1016/S2212-5671(14)00813-2 (In English)

4 Khadka S. (2023) Effect of firm specific and macroeconomic factors on profitability of Nepalese insurance companies // *The Lumbini Journal of Business and Economics*. Vol. 11. No. 1. P. 232–251. DOI: 10.3126/ljbe.v11i1.54331 (In English)

5 Koprivica M.R., Bradić P.D.K.N. (2021) Trends in insurance market development // *Teorija i praksa u osiguranju*. No. 3. P. 549–561. DOI: 10.5937/TokOsig2403536K (In English)

6 Karaketova L.T. (2021) Social'no-jekonomicheskie posledstviya pandemij COVID-19 // *Vestnik Kazanskogo nacional'nogo medicinskogo universiteta*. No. 2. P. 285–289. DOI: 10.53065/kaznmu.2021.80.91.052 (In Russian)

7 Müller N., Pforr K., Dräger J. (2023) Wealth stratification and the insurance function of wealth // *Social Inclusion*. Vol. 11. No. 1. P. 128–134. DOI: 10.17645/si.v11i1.6680 (In English)

8 Novak A., et al. (2022) Financial and economic security in the field of financial markets at the stage of European integration // *International Journal of Professional Business Review*. Vol. 7. No. 5. Article e835. DOI: 10.26668/businessreview/2022.v7i5.e835 (In English)

9 Prokopjeva E., Kuznetsova N., Kalayda S. (2020) Insurance market development and economic growth indicators: The study of relationship in the world // *Economic Annals-XXI*. No. 5. P. 114–123. DOI: 10.21003/ea.V185-05 (In English)

10 Sfakianakis G., et al. (2021) The impact of macro-fiscal factors and private health insurance financing on public health expenditure: Evidence from the OECD countries for the period 2000–2017 // *EuroMed Journal of Business*. Vol. 16. P. 1–24. DOI: 10.1108/EMJB-03-2020-0029 (In English)

11 Zhytar M., Andrushchenko D., Yasentiuk A. (2021) Modern trends in the development of the insurance services market // *Socio World Social Research & Behavioral Sciences*. Vol. 4. No. 2. P. 47–53. DOI: 10.36962/swd04022021-47 (In English)

12 Zajceva M.A. (2021) Mezhdunarodnyj strahovoj rynek: dejstvujushhaja praktika i napravlenija ego razvitija // *Nauchnye trudy Belarusskogo gosudarstvennogo jekonomicheskogo universiteta*. No. 14. P. 172–179. (In Russian)

13 Konstantinov I.M. (2023) Cifrovizacija v strahovanij // *Integracija mirovoj nauki i tehniki: novye koncepcij i paradigmy*. Moskva. P. 373–375. (In Russian)

14 Qazaqstan Respublikasy Qarjy naryğyn retteu jäne damytu agenttığınıñ resmi saity. 2026. URL: <https://www.gov.kz/> (ötiniş berilgen kün: 01.03.2026) (In Kazakh)

15 Qazaqstan Respublikasy Ұлттық Банкінің resmi saity. 2026. URL: <https://www.nationalbank.kz/> (ötiniş berilgen kün: 01.03.2026) (In Kazakh)

АБДЫЕВА Р.А.,*¹

докторант.

*e-mail: 22231087@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0003-4882-7528

ПОПОСКИ К.,²

PhD, профессор.

e-mail: klime.poposki@uklo.edu.mk

ORCID ID: 0000-0002-7497-5826

¹Университет «Туран»,

г. Алматы, Казахстан

²Университет Св. Климента Охридского,

г. Битола, Северная Македония

СТРАХОВОЙ СЕКТОР КАЗАХСТАНА: АКТУАЛЬНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И КЛЮЧЕВЫЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ

Аннотация

В последние годы страховой рынок Казахстана развивается в условиях трансформации финансовых рынков, он играет ключевую роль в обеспечении экономической устойчивости и социальной защиты. Основная цель данной работы – сделать всесторонний анализ страхового сектора Казахстана за последние годы, выявить основные факторы, влияющие на эффективность системы и подготовить рекомендации по улучшению и устранению проблем, которые могут препятствовать интенсивному развитию рынка. Согласно результатам исследования страховой рынок Казахстана показывает динамичный рост, что можно определить согласно показателям объема страховых премий, страховых выплат, страховой плотности и проникновения, а также в сохранении положительного уровня рентабельности сектора. В ходе исследования было выявлено, что основными факторами роста оказались: цифровизация, влияние принятых нормативно-правовых актов и реформ, увеличение количества страховых продуктов, а низкий уровень страховой культуры и зависимость от макроэкономических показателей стали факторами, сдерживающими развитие рынка. Научная новизна работы заключается в полной оценке результативности страхового рынка через систему аналитических коэффициентов. Практическая значимость работы состоит в возможности использования полученных результатов в качестве дополнительного инструмента в государственной политике и стратегиях развития страхового рынка Казахстана.

Ключевые слова: страховой рынок, страховые премии, коэффициент выплат, рентабельность, страховая плотность, цифровизация, финансовая устойчивость.

ABDYEEVA R.A.,*¹

PhD student.

*e-mail: 22231087@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0003-4882-7528

POPOSKI K.,²

PhD, professor.

e-mail: klime.poposki@uklo.edu.mk

ORCID ID: 0000-0001-8061-3955

¹«Turan» University,

Almaty, Kazakhstan

²University St. Kliment Ohridski,

Bitola, North Macedonia

THE INSURANCE SECTOR OF KAZAKHSTAN: CURRENT TRENDS AND KEY FEATURES

Abstract

In the context of the transformation of the financial system of the Republic of Kazakhstan, the insurance market is gaining particular importance as an instrument for ensuring economic stability and social protection. The purpose of this study is to conduct a comprehensive analysis of the dynamics of the insurance market development in Kazakhstan for the period 2017–2025, to identify the key factors determining its efficiency, and to develop recommendations

for enhancing the sustainability of the insurance sector. The study employs comparative, statistical, and coefficient analysis methods, as well as institutional and systemic approaches, which made it possible to examine the relationship between insurance premiums, claims, profitability, and macroeconomic indicators. The results of the analysis demonstrate the progressive development of the insurance market, reflected in the growth of insurance premiums and claims, an increase in insurance density and penetration, and the maintenance of positive industry profitability. The main drivers of growth include digitalization, regulatory reforms, and the expansion of insurance products, while the limiting factors are a low level of insurance culture and dependence on macroeconomic fluctuations. The scientific novelty of the study lies in a comprehensive assessment of the efficiency of the insurance sector through a system of analytical coefficients. The practical significance of the work lies in the possibility of applying the results to improve state policy and strategies for the development of Kazakhstan's insurance market.

Keywords: insurance market, insurance premiums, insurance payouts, economic instability, mandatory insurance, voluntary insurance, property insurance.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 08.04.2026